

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

Биыл қараша айында жаңа тапсырыстар көлемінің тұрақталуына байланысты **жаһандық экономикада белсенділік** жақсарды. Соның нәтижесінде өндіріс көлемі біршама ұлғайды.

2-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Қазақстанда **іскерлік белсенділік индексі** қараша айында **49,0** тармақты көрсетті. Индекс көрсеткіші **өндірісте – 51,4** және **құрылыста – 50,2** болып өскенімен, **тау-кен өнеркәсібінде – 47,4** және **қызмет көрсету** секторында – 48,3 қалпында төмендеді.

Бизнес-климат индексі оң қалпында қалып отыр. Оған кәсіпорындардың **болашақ бизнес жағдайлары** бойынша позитивті күтулерінің сақталуы әсер етті.

3-СЛАЙД. ИНФЛЯЦИЯ

Қараша айында **жылдық инфляция 10,3%-ке** дейін баяулады. Сервистік компонент үлесінің өсуіне қарай азық-түлік компоненті мен азық-түлікке жатпайтын фактордың рөлі төмендеп келеді.

Дегенмен, маңызды бірқатар баға индикаторы экономикадағы инфляциялық қысымның сақталғанын көрсетеді.

Қарашадағы **айлық инфляция 1,0%** болды. Бұл өткен жылдар аралығындағы орташа айлық инфляцияның мәні мен

мақсатты мәнді бағалауынан асып түсті. Инфляцияның орнықты бөлігінің динамикасы да таргеттелетін деңгейден жоғары қалыптасып отыр.

Азық-түлік тауарларының құрылымында соңғы айда көкөніс пен жұмыртқаның, нан мен жарманың бағасы өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардан киім-кешек пен аяқкиім, көлік, дәрі-дәрмек бағасы көтерілді. Ал ақылы қызметтерден – тұрғын үй коммуналдық қызметтер тарифінің, интернет пен әуе билеттерінің бағасы шарықтады.

Алдағы айларда жылдық инфляцияның бір мәнді көрсеткішке жетуі, яғни 10%-тік деңгейден төмен қалыптасуы күтіледі.

Жылдық инфляция мен оған қатысты болжамдардың төмендеуі базалық мөлшерлемені **15,75%-ке дейін** түсіруге мүмкіндік берді. Жекелеген факторлар мен тәуекелдер инфляцияны одан әрі тұрақтандыру үшін ақша-кредит талаптарын қазіргі деңгейде ұстап тұруды талап етеді.

4-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2023 жылдан бастап **теңге** 1 АҚШ доллары үшін **458,24** теңгеге дейін **1%-ке нығайды**.

Жыл басынан Ұлттық қордан **валюта сату** теңгеге қолдау көрсетті. Осы уақытқа дейін **8,8 млрд** АҚШ доллары сатылды.

Жыл басынан мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына бейрезиденттердің капитал ағыны **258 млн** доллар болды.

Басқа жағынан, **импорттаушылар тарапынан маусымдық сұраныстың** артқаны байқалады. Оған

жобаларды іске асыру циклінің жандануы барынша ықпал етіп отыр.

Ұлттық Банк **еркін бағам белгілеу** режимін ұстануды жалғастырады және **валюталық интервенциялар** жүргізбейді.

5-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР

Жалпы халықаралық резервтер қараша айының соңында **92,7 млрд долларды** құрады.

Ұлттық Банктің **алтын-валюта резервтері** жыл басынан **2,8%-ке (34,1 млрд АҚШ долларға дейін) төмендеді**. Бұл ҚРҰБ валюталық шоттарындағы **ЕДБ қаражатының азаюына** және Қаржы министрлігінің өз міндеттемелерін төлеу үшін **валютаны конвертациялауына** байланысты.

Ұлттық қордың активтері жыл басынан **5,2%-ке (58,6 млрд АҚШ долларына дейін) өсті**. Оған **инвестициялық табыстың** жыл басынан **7,9%-ке** (немесе **4,4 млрд АҚШ долларға**) өсуі себеп болды.

Жыл басынан қорға түскен **түсімдердің барлығы 4,4 трлн теңгені** құрады. Республикалық бюджетті қаржыландыру үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын сатып алу сомасын қосқанда, **Ұлттық қордан** республикалық бюджетке бөлінген трансферттер **3,9 трлн теңге** болды. «Достық-Мойынты» жобасын қаржыландыру үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигацияларын сатып алу үшін жыл басынан **74 млрд теңге** бөлінді.

6-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының

зейнетақы активтері оң динамиканы көрсетуде. Олар жыл басынан **17,3 трлн** теңгеге дейін **18,6%-ке** өсті. Инвестициялық табыс көлемі жыл басынан **1,3 трлн** теңгені құрады. Зейнетақы **жарналары 1,9 трлн** теңге, ал жарнаны **мерзімінен бұрын алу** сомасы шамамен **255 млрд** теңге болды.

* * *

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Ұлттық Банк сыртқы және ішкі нарықтардағы жағдайдың даму барысын бақылап, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инфляцияны одан әрі төмендету бағытындағы жұмысын жалғастыра береді.

Назарларыңызға рақмет!